



Валютаның жаңа түсі: Жақсырақ Қорғалған. Тиянақтылау. Қауіпсіздеу.

Құрама Штаттар үкіметі 2003 жылдың соңына қарай жаңа үлгі мен қорғау ерекшеліктері бар валюта шығаруды \$20 банкноттан бастайды. \$50 және \$100 банкноттарға арналған жаңа үлгілер 2004 және 2005 жылдары айналымға енеді. 1990-шы жылдары таныстырылған үлгідегідей жаңа \$20 үлгі үш өте маңызды қорғау ерекшеліктерін сақтайды және оны бағалы қағаздарға салынатын ерекше белгі, қорғаныс жібі және түстің өзгеруі арқылы тексеру оңайға түседі.



Қорғаныс жібі

Банкнотты жарыққа ұстап, оның арасына салынған және бір жағына қарай вертикалды жүргізілген қорғаныс жібін немесе пластикалық жолақты табыңыз. Егер оған анықтап қараса, банкноттың екі жағынан да жіп бойымен "USA TWENTY" сөздері және кішкентай жалау көрінеді. Егер оны ультракүлгін түсті жарықтың астына ұстаса, бұл жіп жасыл рең береді.




Түстің өзгеруі

Банкноттың алдыңғы жағының төменгі оң жақ бұрышындағы 20 санына қараңыз. Банкнотты жоғары немесе төмен аударғанда, өзгермелі түс қызыл-сарыдан жасыл түске өзгереді.

Бағалы қағазға салынатын ерекше белгі

Банкнотты жарыққа ұстап, ерекше белгіні, яғни Президент Эндрю Джексон портретіне сәйкес көмескі бейнені табыңыз. Ерекше белгі банкноттың бір бөлігі болып табылады және банкноттың екі жағынан да көрінеді.

ҚОСЫМША ҮЛГІ МЕН ҚОРҒАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Түс
Жаңа үлгідегі банкнотта байқалатын ерекшелік – нәзік фондағы жасыл және шабдалы түстес реңктердің банкноттың екі жағынан да табылуы. Кішкентай сары 20-лар банкноттың артқы фонына және "TWENTY USA" сөздері портреттің оң жағындағы фонға көгілдір түспен басылған.



Еркіндік символдары
Банкноттың алдыңғы жағына екі жаңа «еркіндік символдары» – Америка бүркіттері салынған. Президент Эндрю Джексон портретінің сол жағындағы фонда үлкен көгілдір бүркіт – оның дәуірінде салынған және мүсінделген заттардың белгісі ретінде көрсетілген. Портреттің төменгі оң жағындағы кішірек келген металл түстес жасыл бүркіт осы заманға сай өрнек болып табылады. Еркіндік символдары әр валюта құны үшін әр түрлі болады.



Портрет және виньетка
Алдыңғы жағындағы Президент Эндрю Джексон портреті айналасындағы сопақша көмкермелер мен майда сызықтар және артындағы Ақ Үй виньеткасы орындарынан жылжытылған. Портрет жоғары жылжытылған және иықтары шетіне қарай созылған. Виньетка артқы фонна қосымша өрнектер қосылған.



Майда әріптермен жазылған сөздер
Өте кішкентай болғандықтан, майда әріптермен жазылған сөздерді қайталау қиын. Жаңа сипатпен шығатын валютаның майда әріптермен жазылған көрінісі банкноттың жаңа екі жерінен табылады: "USA 20" жазуы көгілдір "TWENTY USA" түрлі-түсті сызығы портреттің оң жағындағы алғашқы үш әріптің шетіне басылған, ал Қазағына министрі қойған қолдың төменгі шетінде "THE UNITED STATES OF AMERICA 20 USA 20" сөздері қара түсте болады.



Төменгі жақ көрінісі
Банкнот артындағы төменгі оң жақ бұрышындағы үлкен «20» санын оқу оңай.



Ақша қағазы
Валюта қағазының төрттен бір бөлігі зығардан, төрттен үш бөлігі мақтадан және қызыл мен көк талшықтан тұрады.



Федералды резерв көрсеткіші
Портрет сол жағындағы мөр бүкіл Федералды резерв жүйесін көрсетеді. Сол жақтағы серия нөмірінен төмен тұрған әріп пен нөмір банкнотты шығаратын Федералды резерв банкі білдіреді.



Серия нөмірлері
Банкнот алдыңғы жағынан екі рет он бір цифр мен әріптердің қайталанбас қиысуын көруге болады.